

"Қазақстан Республикасының Парламенті Үйі жанындағы асхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы N 835 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Парламенті Үйі жанындағы асхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының асханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні тиісті жабдықтау функцияларын ұйымдастыру және орындау болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім б о й ы н ш а) :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорынның Жарғысын бекітуге ұсынсын және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы